

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Тексерілді:



Білім беру ұйымы : Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды О «Б» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 06 - 10 қазан 2025-2026 оқу жылы

«Адал азамат» біртұтас тәрбие «Тәуелсіздік және Отаншылдық» айы

«Апта дәйексөздері»- «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.10	Сейсенбі 07.10	Сәрсенбі 08.10	Бейсенбі 09.10	Жұма 10.10
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды нығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды. Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді. Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, нығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арасынан тартып қалады. Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жанағы шерткен адам айыбын тартады. Осылай тәртіппен ойын жалғаса береді.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Өнегелі 15 минут Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.				
Балалардың дербес іс- әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті- баспа және басқа ойындар, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» « Соқыр теке » . Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шенбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі. Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » , - деп мазақтап тұртіп қашады. Бірақ олар шенберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртеке » болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді		«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ»: « Аттамақ » Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі- төмен , оны аттап өту керек, екіншісі- биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді		
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 3				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР гимні «Біз бақытты баламыз» Кел, шеңберге тұрайық. Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік. Тату болып жүрейік.	Адалдық әліппесі «Барлығы сабаққа дайын болуы керек» Мақсаты: өзара көмекке, досына қол ұшын беруге тәрбиелеу. Бейнелеу студиясында кезекшілер үстелдің үстіне Жапсыру ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған құралдарды қойып жатыр. Баланың қолындағы подностан қайшылар, қылқалам, қарындаштар жерге түсіп кетеді. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: «Не болды? Бала неліктен подносты түсіріп алды?» Балалар оны нашар кезекші, ол жұмысын кеш бастағандықтан асықты деп жауап беруі мүмкін. «Бұл жағдайда басқа балалар не істеуі керек?» - деп сұрайды тәрбиеші. Балалардың болжамды жауабы: «Кезекшілердің өздері бәрін дайындауы керек». Педагог балалардың жауаптарын тыңдап, «дұрыс айтасындар, кезекшілер әрқашан бәрін өздері дайындайды; бірақ осындай жағдай болғандықтан, оларға көмектесудің қажеті жоқ па? Себебі сабақты тоқтатуда болмайды» дейді. Сюжеттің дамуы: А) кезекші қыз бала өз подносын үстелге қойып, досына көмектеседі; б) басқа бала (кезекші емес) кезекшіге шашылған заттарды жинауға көмектеседі. 			
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Менің атам Міндеті: -Адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын бақырғын үстеулермен байыту Қолданылатын көрнекі құралдары: Отбасы жайлы суреттер Күтілетін нәтиже: Жасайды: саусақты бұту арқылы, өлең жолдарындағы отбасы мүшелерін санайды, берілген тақырыпқа әңгіме құрайды; Түсінеді: сәлем беруді, амандасуды; Қолданады: отбасы мүшелерін буынға бөледі. Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы. Балан үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әксем, отау панасы. Шылдыр шүмек – шешем, шанырақ.	Сауат ашу негіздері Дауыссыз дыбыстар Міндеті: Дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету Күтілетін нәтиже Жасайды: Дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажырату Түсінеді: Дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтау. Қолданады: Бастаған істі тиянақты аяқтау «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны – Балалар, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларын керек. Кім	Сауат ашу негіздері Біз нені үйрендік, нені білдік? Міндеті: Дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасау, дауыссыздарды қайталану арқылы естерінде сақтау Күтілетін нәтиже Жасайды: Дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасау Түсінеді: Дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғыну Қолданады: Ұжым болып жұмыс істеу Балалар, біз өткен іс-әрекетімізде дауысты, дауыссыз дыбыстар болып, бөлінетінін білдік. Сол дауысты, дауыссыз дыбыстарға жаттығулар жасайық. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Сағат», «Саншауқұлақ»,	Сауат ашу негіздері Дыбыстар әлемі Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дауысты, дауыссыз дыбыстарды атайды, сөздерді айтылған дыбыспен айтады. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалу жолдарын. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады. Тыйым сөздерді сөз барысында қолданады. Құстардың суреттерін тақтаға іледі. – Балалар, қандай құстарды білесіңдер? – Қарға, тоқылдақ т.б. – Мен сендерге құстарға байланысты тақпақ үзінділерін оқимын. Ал сендер не туралы айтылғанын және	Көркем әдебиет Шаруа мен аю Міндеті: Сюжет желісінің реттілігін сақтауға баулу. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ертегінің мазмұнын эмоциямен қабылдай алады; Түсінеді: ертегінің сюжет бойынша мазмұндайды; Қолданады: ертегі мазмұнын жүйесін сақтап айтып береді Балаларға жұмбақ жасыралы. Балпаң-балпаң басады, Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, тасаны. (Аю) – Балалар, мен сендерге аю

	жоғары, Титтей бөбек – мен, бөрінің базары. Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені ата беделі әкеден де жоғары. Өйткені атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі. Кімнің үйінде атасы, әжесі бар? Қазақ отбасында ата мен әженің маңызы зор. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөз – атанікі. Үйлерінде әкелерінің өздері аталарының айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселелерін шешіп, ақыл-кеңесін беріп отырады. Әулет ағайын екенін түсіндіреді. Педагог тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз аталарына ұқсайтын жерлерін айтып немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып әңгіме құрауларын сұрайды.	көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лак, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. Мысалы: «л» – Ләззат, лак, лаула, люк, лақтыр, лағыл, Ләйла; «м» – мақта, малта, маймыл, малакай; «н» – нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, нақышына келтір; «р» – рауған, Рауан, Раушан, риза; «у» – уылдырық, уақ. «Дыбыс бер» дидактикалық ойыны – Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің басында дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді естісеңдер, менің соңымнан сол дыбысты қайталайсыңдар. – Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жанғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, он, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б. «Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, дауыссыз дыбыстардан	«Алтыбақан» «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз дауысты дыбыстан басталса, қызыл түсті дөңгелекті, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті көрсетеді. «Белгі бер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға (б) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (б) дыбысын естігенде, қол шапалақтап дыбыс береулері керек. Сол сияқты басқа в, г, ғ, д, ж, з дыбыстарымен ойнатылады.	қандай дыбыстан басталып, қай дыбыстың қайталанып тұрғанын табуларын керек. Қайталанып тұрған дыбыстың дауысты ма, дауыссыз ба дыбыстардың қайсысына жататынын анықтау. Аққу – құстың төресі. Ақ мамықтай денесі. – Өлең не туралы және қай дыбыс көп қайталанып тұр? – Дұрыс, [а] дыбысы. – [А] дыбысының қай дыбысқа жататынын анықта. – Дауысты дыбыс. – Дауысты дыбысты қалай белгілейміз? – Қызыл түспен	туралы қызықты ертегі оқып берейін. Ертегі «Шаруа мен аю» деп аталады. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Балаларға ертегіні толық оқып беру (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). – Қызылша жер астында жатады, жапырағы жердің бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады. Сөздік жұмысы: шаруа – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбеккер адам соқа – жер қазатын құрал орман маны – орманға жақын жер Ертегінің мазмұны бойынша сұрақ- жауап: – Ертегі қалай аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? – Шаруаға не келді? Аю шаруаны қалай қорқытты? – Олар қалай келісті? Шаруа не екті? – Аюға қай жағын берді? Келесі жылы шаруа не екті? – Аю не нәрсені білмеді?
--	---	---	---	--	--

		басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан) т.б .			
--	--	--	--	--	--

«Үнемді тұтыну»- Су мен қуат көзін үнемдеңіз. Мақсаты: балалардың үнем туралы түсініктерін кеңейту.



Жуынуға кем дегенде 3 минут кетеді. Осы уақыт ішінде крандағы канша су бостан - босқа ағып кететініне назар салыңыз. Тіс шайғанда, кранды тыйып қойыңыз. Керек кезде ғана, кранды ағытып тұруға үйреніңіз. Краныңыз бұзыла бастаса, дереу жөндеуге асығыңыз. Себебі, кран бұзылғанда, көп су текке ағып кетеді. Түнде жатарда бөлмелерді аралап, жарықтың сөнгенін қадағаланыз. Жарықты жағып қойып, ұйықтап кететін кездер әлбетте, аз емес. Міне, дәл осы сәттер қалтаңызды жаймен жұқарта береді. Сондай - ақ, қуат көзін керек ететін заттарды пайдаланғанда да, мұқият болыңыз. Мысалы, үтіктеп отырғанда, телефон шырылдаса, үтікті суырып барып, телефонға жүгіріңіз



2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған әлеммен таныстыру Ең жақын адамдар Міндеті: Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені	Математика негіздері 7 саны және цифры Міндеті: 7 саны және цифрмен таныстыру. 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 7-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету Күтілетін нәтижелер:	Математика негіздері 7 саны және цифры Міндеті: 1-ден 7-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; санау дағдыларын жетілдіру Күтілетін нәтижелер: менгереді: 7 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы	Математика негіздері 8 саны және цифры Міндеті: 8 саны және цифрмен таныстыру. 1-ден 8-ге дейінгі цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге; 1-ден 8-ге дейінгі цифрды тануға және бейнелеуге үйрету	Қоршаған әлеммен таныстыру Дәрілік өсімдіктер Міндеті: Өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым
---	--	---	--	--

	туралы түсінік беру Күтілетін нәтиже: Жасайды:Отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдары кеңейеді. Түсінеді:Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсіну. Қолданады:Жақын адамдарға қамқорлық жасау Ең жақын адамдар деген кімдер? Балалардың жауабы тыңдалады. Педагог «Бақытты балалар» деген сөздің мағынасын ашуды ұсынады. – Бақытты бала өз отбасында, ең жақын адамдарымен бірге тұратын бала, қамқорлық пен махаббатқа толы ортада өскен бала. Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, анасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі. Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. Бір-біріне көмектесу керек. Сонда бәрі бақытты болады. – Балалар, бүгін тобымызда Ер Төстік досымыз «Менің отбасым» атты фотокөрме ұйымдастырды. Әр бала фотосурет бойынша өз отбасы әңгімелеу керек	менгереді: 7 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7 санын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды Ойындық жағдаят. Әлия мен Сырым (№1 парақ) топқа өзімен бірге сиқырлы тұл – «жеті күлтесі гүлдер» әкелгенін хабарлайды. – Қалай ойлайсыңдар, неліктен гүлді бұлай атаймыз? Гүлдің күлтелерін санаймыз! Балалар оны хормен санап шығады. Оның әрбір күлтесіне 1-ден 7-ге дейінгі цифрды жазуға болады. Педагог 7 цифрды бейнеленген карточканы көрсетеді. Бұл цифр туралы өлең шумақтарын оқиды: Жалғыз аяқ көсеу де, Ұқсас екен жетеуге. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Боялған неше тәтті нан болса, сонша дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Тәтті нан бөріне жете ме? Тағы біреуін боя. Қанша болды? Тағы бір дөңгелек пен пирамиданың сақинасын боя. Балалар суреттерді анықтап қарайды. – Суретте бейнеленген отбасында қанша адам бар? (Жеті). Отбасы мерекеге дайындалуда. – Тәрізделме қанша түрлі түсті дәмді тәтті нан бар, сана. (Алты) Барлығына тәтті нан жеткілікті ме? Педагог ең алдымен дөңгелектерді боялған дәмді тәттілердің санына (6) сәйкес бояуды ұсынады. 7-еу	заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 7 санын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. Суретте қанша жануар мен қандай заттар бейнеленгенін сана. Сонша нүкте сал. Цифрмен сызып қос. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады. – Суретте не бейнеленген? Өрісте қанша жануар жайылып жүр? Далада қандай гүлдер өседі? Олардың саны қанша? Енді өрістегі жылқыларды (қойларды) сана. Аспанда қанша бұлт бар? Қанша көбелек ұшып жүр? Содан кейін балалар ұяшықтарға сонша нүкте салады және карточкаларды цифрмен сызып қосады Көжекке 7 цифр және жеті нүктесі бар торкөздермен жетуге көмектес. Торкөздерді боя. «Ең мұқият кім?» ойыны түрінде ұйымдастырылады. Педагог ойын шартын айтып түсіндіреді: қоян сәбізге жетуі керек. Бірақ ол тек 7 цифр мен 7 нүктесі бар ұяшықтармен ғана қозғала алады. Мұқият болу керек және тек осы ұяшықтарды бояу керек. Сәбізге кім бірінші жетеді?	Күтілетін нәтижелер: менгереді: 8 санын айтуды; түсінеді: заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін; қолданады: заттарды топқа бөлуді, 8 санын тануды. 6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды. Алма сатып аламыз. Себетте олардың саны қанша? (Жеті). Тағы біреуін қос, олардың саны қанша болды? (Сегіз). Цифр салынған карточканы іздеумен отырады. Әрі қарай, балаларға, мысалы, 8 алмұртты санау ұсынылады. 8 цифрмен танысу. 8 цифрмен 8 санының таңбасы ретінде белгілейміз. Цифрларды көрсету. Педагог 8 цифрын көрсетіп, өлең оқиды. Мынау жатқан қайшы. Ал «сегіз» цифр қайсы? Оның екі көзі. «Сегіздің» өзі. Дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Сөреде қанша өнім болса, себеттерге сонша таяқшаның суретін сал. Балалар суретпен танысады. Педагог суретте не болып жатқанын айтып беруді сұрайды. Содан кейін сұрақтарға жауап беруді ұсынады: – Сөреде қанша қорап айран бар? Оларды себетке «сал» – сонша таяқшалардың суретін сал. Сол сияқты ойын басқа тауарлармен де жүзеге асырылады. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргіз. Ермексаздан жаса. Педагог тапсырманың мұқият орындауына, балалардың отыру қалпына, қарындашты дұрыс ұстауына назар аударады. Ауада 8 санын «жаз»: қолымызды ажыратпай ирек	тәсілдерімен таныстыру Күтілетін нәтижелер: жасайды: дәрілік өсімдіктер жайлы түсінік қалыптастырған; өз өлкесінде өсетін өсімдіктердің кейбір түрлерінің аттарын атап береді. түсінеді: олардың емдік қасиеттерін. қолданады: дәрілік шөптерді жинау дағдысын Проблемалық жағдаят. – Өсімдіктер болмаса, жерде тіршілік бола ма? (Балалардың жауаптары). – Табиғатта дәрілік өсімдіктер көп өседі. Тек оларды танып, пайдалана білу керек. Ерте заманда адамдар барлық жануарлардың өздерін өсімдіктермен емдейтінін байқады. Соларға еліктеп, адамдар да өсімдіктердің қасиетін біліп, зерттей бастады. Ертеден халық емшілері дәрілік өсімдіктермен адамдарды түрлі аурулардан емдеді. Олар «Шөптер», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғи дәрумендер» деген кітаптар жазып қалдырды. Бұл кітаптардың атауларына қарап олардың мазмұнын болжауға болады. Заманауи дәріханаларда әртүрлі кептірілген өсімдік, тұнба, дәрі және шөптен жасалған сусындарды сатып алуға болады. Дәріханадағы дәрілік өсімдіктерді көрдіңдер ме? Қайсыларыңды аналарың дәрілік шөптермен емдеді? Қандай аурулардан? (Балалардың жауаптары). – Біздің жерімізде дәрілік өсімдіктер көп өседі. Бүгін
--	---	--	--	--	--

		болу үшін тағы неше дөңгелек боялу керек? (Бір). Одан кейін балалар жетінші тәтті нанды бояйды. 2-тапсырма. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргіз. Ермексаздан жаса		жасаймыз, содан кейін жұмыс дәптерде орындалады. Цифрдың үстінен саусағымен жүргізіп, оны ермексаздан жасайды. Қозғалмалы доп ойыны «Атап көр, құр қалма!». Балалардың үстелдерінде 1-ден 8-ге дейінгі цифрлары бар карточкалар қойылады. Әр бала екі карточкадан бөліп алады. Педагог 1-ден 8-ге дейінгі цифрларды еркін тәртіпте көрсетеді. Мұндай цифрдың суреті салынған карточкасы бар балалар тұрып, цифрды атайды	солардың біразымен танысамыз. Біздің достарымыз Желаяқ пен Сакқулақ дәрілік өсімдіктер өсетін жерлерді көрсетеді. 1-слайд. Жолжелкен. Біздің жерімізде көп өседі. Ол қан тоқтатады, микробтарды өлтіреді. 2-слайд. Жалбыз. Оның жапырақтарын қайнатып, суық тиген кезде ішеді. Бакбак. Оны ұйқысыздық ауруын емдеуге қолданады. 3-слайд. Итмұрын. Оның жемістерін суық тигенде қайнатып ішуге болады. Адамдар итмұрынды «өмір жемісі» деп атаған, құрамында аскорбин қышқылы, Е, В, К дәрумендері бар.
--	--	--	--	--	--

Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» Сарыарқа Құрманғазы
Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын дамыту,



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі Шәйнек Міндеті: Тілдік дамытушы орта. -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заңдарымен, азық-	Қазақ тілі Шәйнек Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алу және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ө, к, ү, і дыбыстарын.	Сөйлеуді дамыту Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Қолданылатын көрнекі	Көркем әдебиет Еріншек егінші мен еңбеккер құмырсқа Міндеті: Шығарма мазмұнын қайталап айтуға дағдыландыру. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға үйрету. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Автобус Міндеті: - балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру - заттың пішіні туралы білімдерін
--	--	--	--	---

	түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру Күтілетін нәтиже: Жасайды Шәйнек ас үй затына жататынын біледі; Түсінеді: Атауын айтады, дыбыстық талдау жасап, канша екендігін біледі; Қолданады: Қауіпсіздік ережесін сақтауды біледі; 1. Шәйнектен неге бу шығады? Суретті көрсете отырып, балаларға сұрақ қоямыз. Шәйнек отта тұрып ысғитынын, одан барып қайнап, одан бу шығатынын балалар суретке қарап тұрып топшалап айтады. шәйнек қайнағанда қандай болады? Қайнағанда ыстық, қорқынышты болатынын, оны байқап, орамалмен ұстау керектігін, немесе таянбау керектігін айтады. Қауіпсіздік ережесі айтылады. 2. Шағын тақпақ: <i>Қайнап тұрған шәйнек, терасиді көп терлеп, ысқырады ештеңе.</i> Тағы қандай ас үй заттарын білесіңдер: Кесе, тәрелке, қасық, шанышқы, пышақ,	осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөзлегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Күтілетін нәтиже: Жасайды Шәйнек ас үй затына жататынын біледі; Түсінеді: Атауын айтады, дыбыстық талдау жасап, канша екендігін біледі; Қолданады: Қауіпсіздік ережесін сақтауды біледі; Дидактикалық ойын «Бұл не?». Мына кітапшада қандай заттар бейнеленген? <i>Ас үй заттары.</i> Барлығына ортақ қандай белгі бар? <i>Ою.</i> Шәйнек – не үшін қажет? Оны қай кезде пайдаланамыз? Қандай қауіпсіздік шараларын еске сақтау керек? <i>(коммуникациялық дағды қалыптасоды)</i> 1. Кітапшадағы “от”, “газ пеші”, “тоқ пеші” суреттеріне назар аударылады. Балалар, күнделікті тұрмыста біз қайсысын қолданамыз? Аналарың ас үйде тамақ әзірлегенде қайсысын қолданып жүр? 2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған ас үй заттарының атауы: канша буыннан, дыбыстық	құралдар: қолайна, демонстрациялық құрал Күтілетін нәтиже: Жасайды: “г” “к” дыбыстарына сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, әр кейіпкерлердің өз шелегін өз орынына қояды; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: өз ойларынан ертегіге тақырып қояды Балалар, орыс халқының «Қорыққанға қос көрінеді» ертегісін тыңдаңдар. Ертегіні оқып, мазмұнын айтып беремін. <i>Қорыққанға қос көрінеді</i> Баяғыда қартайған әже, күлегеш немере, қыт-қыттай беретін Тауық және пештің астын мекендейтін Тышқан болыпты. Олар күнде су тасиды екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек шелек, Тауықта қиярдың үлкендігіндей, Тышқанда оймақтай шелек бар. Әжесі суды құдықтан, немересі астаудан, Тауық шалшықтан, Тышқан Торайдың тұяғы кірген жерден алады екен. Олар кейін қайтқанда су шолп-шолп етеді екен. Жол бойындағы бақшада самсап алмаағашы өсіп тұратын. Бұтақтарында самсаған алма болатын. Оның астында Қоян отыратын. Бір жолы суға барып қайтып келе жатқанда жел соғып, алмаағашының бұтағынан бір алма түсіп, қоянның басына тиеді. Қоян атқып жөнеліп, су әкеле жатқандардың аяғына оралды. Сушылар үрейлері ұшып, үйлеріне қашады. Әжесі сәкіге	Күтілетін нәтиже: Жасайды Түсінеді: Қолданады Педагог жұмбақ жасырады. Екі басы, жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. Ол не? (Құмырска) – Құмырска кіп-кішкентай жәндік, үйір болып, бірігіп тіршілік етеді, тынбай жұмыс жасайды – Бүгін біз осы құмырска туралы Өтебай Тұрманжановтың «Еріншек егінші мен еңбеккор құмырска» әңгімесімен танысамыз. Сөздік жұмысы: қауыз – бидай дәнінің босап қалған сырты илеу – құмырсқаның баспанасы Сұрақ-жауап: – Әңгіме қалай аталады? Авторы кім? – Жалқау егінші егінді қайда егіпті? Содан кейін не істеп жүріпті? – Еңбеккор құмырсқалар жерге түскен дәндерді қайда әкетті? – Жалқау егінші оларға не айтты? Дидактикалық ойын: «Суреттер сөйлейді» Тақтаға дақылдардың суреттері ілінді. Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып тастайды. Қай суреттің жоқ екенін табады	жетілдіру, мүсіндету - шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қою арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді жинап алу – ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан шығармашылықпен құрастыруға баулу Топтық жұмыс.
--	--	---	---	--	--

шәйнек (суреттерін көрсетеді. Кесе, бөлек ою – кесенің оюы, Төрелке – төрелкенің сызығы, қасық – қасықтың басы, пышақ – пышақтың сабы, шанышқы – шанышқының қолы, шәнек – шәйнектің шүмегі). 	талдау жасаймыз, «Ә» дыбысының орнын табады. (танымдық дағды) 	құлай кетеді, немересі әжесіне тығылады, Тауық пештің үстіне қонақтайды, Тышқан пеш астындағы інге тығылады. Әжесі: «Ойпырмай! Аюдың мені таптап кете жаздағаны-ай!» – деп сарнайды. Немересі: «Әже, бір құбыжықтай қасқыр маған тап берді!» – деп жылайды. Тауық: «Қыт-қыт-қыт! Түлкі мені аңдып жүр екен, жеп қоя жаздады!» – дейді. Тышқан: «Әлгі мұрты едірейген дәу Мысықтың үрейімді ұшырғаны, жаным шығып кете жаздады!» – дейді. Ал бұл кезде зытып орманға келген Қоян: «Басыма мұндай қауіп төнбес! Төрт бірдей аңшы соңыма түсті, бәрінің де Иті бар, зорға қашып құтылып кеттім-ау!» – деп еңгігіп отырды. «Қорыққанға қос көрінеді» деген осы.Ертегі сендерге ұналы ма?		
---	---	---	--	--

Қауіпсіздік сабағы : «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»

Мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен ұлануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.

  	Пайдалы сілтемелер: https://youtu.be/topPwzQFQIE?si=3xsiXpAbNDeb8zRp https://orken-institut.kz/ru/telefon-y-goryachih-linii 	Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру. Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме: Дәрі-дәрмектер: Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру. Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тілгі олар кәмпітке ұқсаса дәдәмін көрмеу. Тұрмыстық химия: Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау. Газ баллондары: Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындарда шашпау. Сюжеттік-рольдік ойындар: Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату. Жағдайларды сахналау: бала дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау
---	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене тәрбиесі Біздің стадион Міндеті: Алға айналыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру	Музыка Күз жомарт Міндеті: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен	Дене тәрбиесі Менің үйім Міндеті: Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру Күтілетін нәтижелер:	Дене тәрбиесі Менің отбасым Міндеті: Допты жоғары лақтырып, қолды шалпақтап, допты қағып алу шеберліктерін	Музыка Күз жомарт Міндеті: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық
---	--	---	---	--

	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; қысқа секіртпемен секіруді; гимнастикалық орындық үстінде белгі бойынша көзді жұмып, бір аяқты көтеріп тұруды. Түсінеді: биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру және шапшаңдық, ептілік, төртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту керектігін. Қолданады: қолды еркін қозғап, бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді және достық, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді. «Секіргіштер». Екі тізбекке қайта сап құрады. Бірінші ойыншы бір орыннан ұзындыққа секіреді. Екінші ойыншы сол жерден әрі қарай дәл солай секіреді. Сөйтіп барлық ойыншылар секіріп болған соң, қашықтықтарын салыстырады. Команданың барлық ойыншылары бір орыннан ұзындыққа секіреді. Барлығы секірген соң жүргізуші әр команданың секіру қашықтықтарын қосып, ұзаққа секірген команданы анықтайды. Сөйтіп, олар жеңіске жетеді.	сипаты туралы пікірін айтуға үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді. Түсінеді: күй жанрының ерекшеліктерін. Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)	Жасайды: қысқа секіртпемен секіруді, бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне допты лақтыруды, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өтуді. «Ғажайып кемпіркосақ» жаттығуын Түсінеді: екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен қалай өту, допты бастан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне қалай лақтыру және допты ашылған саусақтарымен қалай қағып алу керектігін. Қолданады: күнделікті өмірде кеңістікті бағдарлай алу, екі жаққа тартылған жіптің астымен қолды еденге тигізбей бір бүйірмен өту машықтарын «Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұнай жинайды	(машықтарын) дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: белгіленген жерден шұңқырға секіруді; бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді; допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алуды. Түсінеді: допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қалай қағып алу керектігін және жаттығуларды педагогтің нұсқауы бойынша орындау қажеттігін. Қолданады: зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін «Айдаһар» (Зрет). Балалар бір тізбекке тұра қалады. Бұл – айдаһар». Балалар аркасымен, кеудесімен допты қысып тұрады. Белгі бойынша «айдаһарлар» мәреге қарай бет алады. Ешбір добынан айырылмай бірінші болып мәреге келген команда жеңіске жетеді	бейнесі мен динамикасын дәл беру, әнін кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға дамыту Күтілетін нәтижелер: Жасайды: күйді тыңдайды, ажыратады, әндерді орындайды, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгертеді. Түсінеді: күй жанрының ерекшеліктерін. Қолданады: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды. Музыка тыңдау: «Саржайлау» (Тәттімбет) Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет) «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

	Өз-өзіне қызмет ету	Өз-өзіне қызмет ету	Өз-өзіне қызмет ету	Өз-өзіне қызмет ету	Өз-өзіне қызмет ету
Серуен	Бақылау: Жанбырды бақылау. Мақсаты: Жанбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түттерін қосыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қалағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жанбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттататырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: «Айгөлек-ау айгөлек». Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Сұр қоян». Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгелекпен тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек.	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлыңарды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бұ болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қалағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: «Кімге қандай құрал керек?» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Ойын барысы: Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған «соқыр теке» жіберіледі. Қалғандары оны «соқыр теке бақ-бақ»,- деп мазактап түртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырнарларды бақылау. Мақсаты: Күзде тырнарлардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяқтың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырнарлар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Күзде не киіміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киіміне үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылдық ойын: «Аттамақ» Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын барысы: Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі-томен, оны аттап өту керек, екіншісі-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Таппақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу. Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек» Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: «Орамал тастау» Ойын барысы: Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде алғи адам өзінің сырт жағында қалған орамалды	Бақылау: Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақыттың үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түттерін қосыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: «Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралымен одан әрі дамыту және сөздік қор молайту. Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты» Ойын барысы: «Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бұйрек,

	Жұынып жатыр бүткендеп: Тұзсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Құп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұзсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады. Экология мәдениеті Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады. Ойыншылардың көзі байлауды адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттағанды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз». Экология мәдениеті Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	жинап, алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік. Тренинг: «Тырналар болып ұшайық». Экология мәдениеті Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	байқамаса, басқа оушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады. Дербес ойындар: 1. «Желмен жарысайық» 2. «Менің әдемі үйім» (құрастыру) Тренинг: «Қолшатыр астында». Экология мәдениеті Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша	кептер-кепсер, көже-шөже, іркіт-бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар: «Тәтті тоқаштар» пісірейік. «Мені қуып жет». Тренинг: «Шаңырақ» (Қауіпсіздік сабағы) Еркін ойындар: балалардың қалауы бойынша
Серуеннен оралу	Кімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету				
Балалармен жеке жұмыс	Жеке жұмыс Әңгіме құрастыру Мақсаты: грамматикалық құрылымды және үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру Алтай Айгере Қайратқызы	Жеке жұмыс «Шаңырақ» қимылды ойыны Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді, реакциялардың жылдамдығын дамыту Амангелді Аслан Бауыржанұлы	Жеке жұмыс «Алдымен не, содан кейін не болады?» дидактикалық ойыны Мақсаты: себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, көрсеткен әлемдегі өсімдіктердің маңызылығын түсіндіру қабілетін дамыту Амангелді Ұлан Айтбекқызы	Жеке жұмыс «Көрсінді ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: сандар туралы білімді, олардың сандық қатардағы орнын бекіту Ахметжан Аяулым Нұржанқызы	Жеке жұмыс «Қып ал да, жапсыр» дидактикалық ойыны Мақсаты: қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын бекіту, аппликация элементтерін қағаз парағына орналастыру мүмкіндігі Амирқызы Гүлайым
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Ситуациялық әңгіме «Біз Қазақстанда тұрамыз!» Мақсаты: балаларды өздері тұрып жатқан ел, басты көрікті жерлер, Қазақстанда тұратын халықтар туралы әңгімелеуге үйрету	«Формалар шеберханасы» ойыны Мақсаты: балалардың геометриялық пішін туралы білімдерін бекіту; геометриялық фигура мен заттарды шарттарға сәйкес орналастыру	«Жұпты тап» қимылды ойыны Мақсаты: жіктеу және сұрыптау дағдыларын, қол-көзді үйлестіруді, қол моторикасын, ойлау дағдысын дамыту	«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың жәндіктердің, жануарлардың, құстардың қозғалу жолдары туралы білімдерін бекіту	Дербес ойын «Пазлды құрастыру» Мақсаты: Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады.

Балалардын үйге кайтуу	Өнөгөлү 15 минут Егер Сиздин баланыз көпшл, өз-жакындарыңыз бен бирге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезинде өздігімен ойнай билсе, мінезі ашык, өз кұрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сенініз.	Өнөгөлү 15 минут Егер Сиздин баланыз көпшл, өз-жакындарыңыз бен бирге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезинде өздігімен ойнай билсе, мінезі ашык, өз кұрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сенініз.	Өнөгөлү 15 минут үйдегі жагдайда баланын өзіне - өзі кызмет студін алгы шарттарына үйрете берініз: жууу, колын сүрту, шешіну, өз бетімен тамактану, тамак ішкенде касыкты пайдалану, горшокка сұрану. Кнімдері міндетті түрде өзіне ыңгайлы болум шарт: шылбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	Өнөгөлү 15 минут Егер Сиздин баланыз көпшл, өз-жакындарыңыз бен бирге бөтен адамдарды жатыркамаса, ойын кезинде өздігімен ойнай билсе, мінезі ашык, өз кұрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сенініз.	Өнөгөлү 15 минут баланын жагдайы эмоционалдык жагдайлар жасуу кымет, ол көбіне ата – ана жагынан болууы кымет, мектеп туралы, онын өзіне керектігін түсіндіріп баланын сүйлп, аймапай, жні оны өз мейірімінді көрсөткізі. Баланындык көніше мектеп туралы өзінін толгандыратын моделен айтудан аздак болууы.
--------------------------------------	--	--	--	--	--